

КӨПКЕ ҰМТЫЛҒАН ЖАЛҒЫЗ. ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Әлеуметтік психология
дегеніміз не?

1-тарау. Әлеуметтік психология дегеніміз не? Конформдылық



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе
Тарау: 1. Әлеуметтік психология дегеніміз не? Конформдылық
Дәріс: 1. Әлеуметтік психология дегеніміз не?

Эллиот Аронсон – әлеуметтік психология дегеніміз не?

Танымал америкалық әлеуметтік психолог Эллиот Аронсон өзінің бірнеше рет басылымнан шыққан кітабының мазмұнында Аристотельдің цитатасын ұсынады.

«Адам өзінің табиғаты бойынша әлеуметтік жануар болып табылады; ол кездейсоқтық емес, өзінің табиғаты бойынша тұлға қарапайым адамнан да жоғары. Қоғам – тұлғаның алдында болған табиғаттағы қандай да бір нәрсе. Өмірді сүре алмайтын немесе бір нәрсеге мұқтаж емес толыққанды, сонымен қатар қоғамға қатыспайтын адам – жануар немесе құдай болып табылады», Аристотель, Саясат, б.э.д. 328 ж.

Аронсон ежелгі грек ойшылынан кейін қоғамның тұлғадан басымдылығын ерекше атап өтіп, жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуы кезінде әлеуметтік принципке назар аударып және осылайша «адам» мен «қоғам» деген екі феноменді бір-бірімен байланыстыратын психологиялық білімнің ерекше нұсқасы ретінде әлеуметтік психологияның маңыздылығын дәлелдеді.

Сондықтан дәрісіміздің бірінші тақырыбы «Әлеуметтік психология дегеніміз не?» деп аталады.

Э. Аронсон Аристотельді әлеуметтік әсер ету мен иландырудың кейбір негізгі принциптерін тұжырымдаған, алғашқы байыпты ойшыл деп көрсетті. Ол «Адам – қоғамдық жануар» дегенді ғылымда алғашқы болып атап айтса да, осы құбылысты тұңғыш байқаған бірінші адам емес. Оған дейін-ақ осы пікірге ой тоқтатқан, сонымен бірге өз ойының қарабайырлығы мен негізсіздігіне күмәнмен қараған адамдар көп болды. Адамдар, шынында да, әлеуметтік жануарлар, бірақ басқа да көптеген жаратылыс иелері – құмырсқалар мен аралар да, маймылдар мен приматтар да – сондай емес пе? Сонда адамды «қоғамдық жануар» деу нені білдіреді?

Осыған байланысты Э. Аронсон күнділікті өмірден нақты мысалдарды қарастырған.

Колледж студенті Сэм және оның төрт танысы теледидар қарап, президенттікке үміткердің сөйлеген сөзін тыңдап отыр. Сэм жақсы әсер алды және қарсыласына қарағанда бұл кандидат өзінің шынайылығымен оған көбірек ұнады. Сөз біткеннен кейін студент қыздардың бірі «жалған сөзі көп» деп, бұл кандидаттан бас тартатынын, қарсы кандидатқа бүйрегі бұратынын айтты. Басқалары да онымен тез келісті. Сэм таңғалды да, іштей аздап қапаланды. Ол таныстарына: «Иә, ол мен ойлағандай соншалықты шынайы болып көрінген жоқ» деп міңгірледі.

Э. Аронсон саяси оқиғаларды мысал ретінде көрсетеді. Вьетнам соғысы кезінде Кент университетінің жүздеген студенті осы соғысқа қарсылық білдіреді. Бұл қазіргі кезде университет қалашықтарында жиі кездесетін қалыпты жағдай. Түсініксіз себептермен, сол қалашықтағы тыныштықты сақтауы тиіс – Огайо ұлттық гвардиясы қару қолданып, төрт студенттің өмірін қиды. Қайғылы оқиғадан кейін орта мектептің жергілікті мұғалімі студенттердің өлтірілгені дұрыс болды деп мәлімдемеді.

Құрбан болғандардың кем дегенде екеуі демонстрацияға қатыспағанын және қалашық айналасында жай ғана серуендеп жүргенін жақсы біле тұра, әлгі мұғалім осындай мәлімдеме жасады. «Кент тәрізді қаланың көшелеріне ұзын шашпен, лас киіммен немесе жалаң аяқ шыққан кез келген адамды атып тастаса да, обалы жоқ», – деді ол.

Келесі мысалда Э. Аронсон бала кездегі афроамерикалық досы Джордж Вудс жайында әңгімелейді.

«1940 жылдары Массачусетсте бірге өстік, сол кезде ол өзін «түрлі түсті бала» санайтын және ақ нәсілді достарының алдында өзін кем санайтын. Бұған себептер де жеткілікті».

Бәрі өзгереді. Расында да кемсітушілік пен әділетсіздік біздің қоғамымызда әлі де бар. Дегенмен жиырма бірінші ғасырда өмір сүріп жатқан Джордж Вудстың немерелері Джордж басынан кешкен қиындықтарға тап болмайды. Қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдары қара нәсілділерді тек қара жұмыспен айналысатын адамдар ретінде сипаттамайды. Жиырмамыншы ғасырдың соңына қарай олар өздерінің қара нәсілді екенін мақтан тұтатын болды. Олардың тарихына, мәдениетіне қызығушылық пен ынта-ықылас арта түсті.

Э. Аронсон бәрі өзгерді десе де сол өзгерістер тек гуманистік бағытта болады дегенге риясыз сенудің қажеті жоқ деп көрсетеді.

Ары қарай Э. Аронсон «әлеуметтік психология дегеніміз не?» дегенге өзінің анықтамасын береді. Мұның анықтамасы көп. Дегенмен осы анықтамалардың кейбірін атап көрсетудің орнына, пәннің өзіне әлеуметтік психологияның түп-төркінін анықтау мүмкіндігін берген дұрыс болар.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе
Тарау: 1. Әлеуметтік психология дегеніміз не? Конформдылық
Дәріс: 1. Әлеуметтік психология дегеніміз не?

Жоғарыда келтірілген мысалдар – әлеуметтік-психологиялық жағдайлардың суреттемелері іспетті. Біз әртүрлі жағдайды мысалға келтірдік. Әйтсе де осылардың бәріне ортақ бір нәрсе бар. Ол – әлеуметтік әсер.

Адамдар әлеуметтік әсерге қалай тап болады? Неліктен олар соның ықпалында кетеді? Әлеуметтік әсердің адамды еліктіріп әкететін қандай құпиясы бар? Әлеуметтік әсердің тиімділігін арттыратын немесе кемітетін не нәрсе? Мұндай әсердің нәтижесі тұрақты ма, өтпелі ме? Әлеуметтік әсер етудің тұрақтылығын арттыратын немесе кемітетін не нәрсе? Огайо штатындағы Кент мектебіндегі мұғалімінің әрекетіне және кішкентай балалардың ойыншықтарды таңдауына байланысты мысалда қандай қағидаға жүгінеміз? Әлде екеуіне де ортақ қатып қалған қағида бар ма? Бір адам екінші адамды неге ұнатады? Соның себебіне ой жүгіртіп көрдік пе? Мейлі жаңа спорттық машинаны, мейлі қытырлақтың ерекше сұрыбын таңдайық – біздің қалауымыз бірдей процестерге бағына ма? Этникалық немесе нәсілдік топтар туралы теріс көзқарас, оларды кемсіту сияқты жалған сенімдер қалай пайда болады? Бұл ұнату немесе ұнатпау сияқты сезімдерге ұқсас жай ма? Әлде бұдан мүлде бөлек, әлдебір психологиялық процестер жиынтығы тәрізді нәрсе ме?

Көпшілікті осындай сұрақтар мазалайды. Себебі біз өзіміз сияқты адамдармен көп араласамыз. Бір жағынан, олардың ықпалына түссек, екінші жағынан, оларға да ықпал етеміз. Оларға сүйсінеміз, таңғаламыз, қапа боламыз және ашуланамыз, сөйтіп, әлеуметтік іс-әрекет жайын бағамдаймыз. Болжам жасаймыз. Осы тұрғыда бәріміз де әуесқой әлеуметтік психологтармыз. Әуесқой әлеуметтік психологтардың көбі бұл болжамдардың дұрыс-бұрыстығын тексеріп, електен өткізіп жатады. Әрине, бұл мұқият түрде жүргізілген ғылыми-зерттеу тәрізді тексеру емес. Біз мұны «елге бұрыннан белгілі ақиқатты – өмірлік сынақтан өткізіп пайымдау» десек те болар. Бұл таңғаларлық нәрсе емес, өйткені даналық қашан да уақыт сынағынан өткен парасатты пайым-пікірге негізделеді. Шындығында, осы дәрістен түрлі эксперименттердің нәтижелері негізінде қорытындыланған ой-түйінді тыңдағанда, сіз: «Бұл онсыз да анық нәрсе ғой! Белгілі нәрсені дәлелдеу үшін сонша уақыт шығындап, ақша құртудың қажеті не?» деп ойлауыңыз мүмкін. Нәтижелері көп жағдайда ешкімді таңғалдырмайтынын біле тұра, эксперимент жасаудың бірнеше себебі бар. Біріншіден, біз, бәріміз «ой шабандығының» ықпалына бейімбіз. Бұл белгілі бір оқиғаның нәтижесін білгеннен кейін, өзіміздің болжау қабілетімізді артық бағалайтынымызды көрсетеді. Мысалы, зерттеулер көрсеткендей, сайлаудың ертеңіне адамдардан қандай кандидатты таңдағандары туралы сұрағанда, әрқашан жеңімпаз кандидатқа дауыс бергенін айтады. Олар бір күн бұрын ғана басқаша пікірде болуы мүмкін еді. Дәл осылай эксперимент нәтижесі қолымызға түсе салысымен, үнемі болжауға оңай болған секілді көрініп тұрады. Керісінше, бізге алдын ала болжам жасау жүктелсе, нәтижесі мүлде басқаша болар еді.

Сондықтан да оқырман бірішіден, әлеуметтік психологиядағы эксперименттің не екенін түсінуі; екіншіден, осы эксперименттің артықшылықтары мен кемшіліктерін, осыған байланысты туындайтын этикалық мәселелерді білгені, сондай-ақ ой толғаныс азабы қандай болатынын түсінгені дұрыс.

Эксперименттік әдісті түсіну маңызды болса да, кітаптың негізгі материалын түсіну үшін эксперименттік әдістің ешқандай маңызы жоқ. Сондықтан «Әлеуметтік психология ғылымы» жайындағы дәрістері осы кітаптың соңғы жағынан орын алған. Оқырман ретінде сіз алдымен осы тақырыппен танысып шығуыңызға, әйтпесе өзіңіз қажет деп тапқан кез келген сәтте оқуыңызға болады.

Ақымақтың ісін істейтін адамдардың бәрі ақымақ емес

Әлеуметтік психолог адамдардың іс-әрекетіне әсер ететін әлеуметтік жағдайларды зерттейді. Кейде осы жағдайлар адамдарға қатты әсер ететіні сонша – олар ақымақтың ісін істеуге көшеді. Э. Аронсон бұл арада адамдар туралы айтқанда, көп адам жайлы айтып отырғанын көрсетеді. Оның ойынша, осы адамдарды психикалық науқастар категориясына жатқызса да, адамдардың іс-әрекетін түбегейлі түсініп кете алмайды. Одан гөрі мінез-құлықты қалыптастыруға әсер ететін процестер мен жағдайлардың табиғатын түсіну әлдеқайда пайдалы. Бұл бізді Аронсонның бірінші заңын танып-білуге жетелейді: ақымақтың ісін істейтін адамдардың бәрі ақымақ емес. Мысал



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе
Тарау: 1. Әлеуметтік психология дегеніміз не? Конформдылық
Дәріс: 1. Әлеуметтік психология дегеніміз не?

ретінде «Кент қаласының төрт студентін өлтіргені дұрыс болған» деп мәлімдеген Огайо штатындағы мұғалімді алайық. Э. Аронсонның пікірі бойынша, оның осындай ойға бекінген жалғыз ғана адам екеніне күмәні бар. Ол мұндай көзқарастағы адамдардың бәрі психозбен ауыруы мүмкін екеніне шындап күмәнданады. Сонымен қатар, оларды психотиктер қатарына жатқызу – осы құбылысты түсінуімізге көмектеседі дегенге де күмәнмен қарайды. Кент оқиғасынан кейін қазаға ұшыраған қыздардың бәрі жүкті болған деген өсек тарап, «өлім оларды абыройсыздықтан құтқарды» деген сөздер де айтылды. Сондай-ақ төрт студенттің де кір-қожалақ болып, денесінде бит қаптап кеткені, соны көріп жерлеу қызметі жұмысшыларының жүректері айнып құсқаны туралы да әңгіме тарады. Бұл, әрине, жалған әңгіме еді. Бірақ Джеймс Миченер атап өткендей, мұндай сөздер ормандағы өрттей қаулайды. Осындай өсектерге сенген және осы қауесетті елге таратқан адамдардың бәрі ақымақ па? Белгілі бір әлеуметтік-психологиялық жағдайларда көп адамның бойынан байқалатын осындай мінез-құлықты туындататын процестер туралы кейініректегі дәрістерде әңгімелейміз.

Э. Аронсонның бұрынғы шәкірттерінің бірі Еллен Бершайд атап көрсеткендей, адамдар жағымсыз әдеттерді – тәртіп бұзушыға «есуас», «садист» немесе т.б. айдар тағу арқылы түсіндіруге бейім, осылайша оларды «жақсы адамдар» қатарынан шығарып тастайды. Бұл қисынға сенсек, жағымсыз мінез-құлыққа бола алаңдау қажет емес. Өйткені оның бізге, ешқандай қатысы жоқ. Бершайдтың пікірі бойынша, мұндай ойға берілудің өзі өте қауіпті. Себебі біз жағымсыз әрекет туындататын қысымдарды өзіміздің мүлде қабылдамайтынымызға сенімді болып кетеміз. Сөйтіп, әлеуметтік мәселелерді шешудің тым қарапайым тәсіліне жүгінеміз. Нақтырақ айтсақ, кім өтірікші, кім садист, кім жемқор, кім маньяк екенін анықтауға арналған диагностикалық тесттер жасап, мәселені оп-оңай шеше салғымыз келеді.

Мұндай жағдайда осындай адамдарды анықтауды және оларды тиісті мекемелерге апаруды әлеуметтік-қимыл деп айтуға болады. Әрине, Э. Аронсон бұл жерде психоз жөнінде әңгіме қозғаудың қажеті жоқ немесе психотиктер ешқашан тіркелмеуге тиіс демейді. Сондай-ақ адамдардың бәрі бірдей, олар әлеуметтік қысымның тегеурініне бірдей жауап береді деген пікірмен де келіспейді. Қайталап айтса, ол: кейбір ыңғайсыз жағдайлар көпшілігімізді – «дені сау» ересек адамдарды өзін өте қолапайсыз ұстауға ұрындырады. Осындай өзгерістерді, сондай-ақ жағымсыз және бүлдіргі әрекеттерді туындататын процестерді түсінуге тырысқанымыз жөн.

Бәлкім, осы процестерді түсінуге пайдасы тиер деген оймен түрме жайлы ойланып көруге кеңес беремін. Күзетшілерге қарайық. Олар қандай кісілер? Адамдар түрме күзетшілерін мейірімсіз, аяушылық сезімінен жұрдай, безбүйрек адамдар деп ойлайды. Кейбіреулер оларды тумысынан қатыгез, жауыз, адамдарды азаптаудан ләззат алатын жандар деп есептейді. Айналаға осындай қалыптасқан түсінік аясынан қарайтындар: «қатыгез адамдар ғана күзетші болады, өйткені бұл жерде олар қатыгездігі үшін ешқандай жаза тартпайды» деп топшылауы ғажап емес. Енді тұтқындар жөнінде ойланыңыз. Олар қандай? Бүлікшіл ме? Мойынсынғыш па? Қалай ойласақ та, көпшілігіміз тұтқындар мен күзетшілерді өзімізге мүлде ұқсамайтын, мінез болмысы да, адамгершілік қасиеттері де бөлекше жандар деп есептейміз.

Бұл шындық болуы да, біз ойлағаннан күрделі нәрсе болуы да ықтимал. Филип Зимбардо мен оның әріптестері Стэнфорд университеті психология факультетінің жертөлесінде жасанды түрме жасады. «Түрмеге» қарапайым, тәжірибелі, тиянақты, ақылды, жас жігіттерді әкелді. Жеребе тастап, Зимбардо олардың жартысын – тұтқындар, жартысын күзетшілер деп бөлді. Олар осылайша бірнеше күн өмір сүрді. Бұдан не шықты дейсіз ғой? Зимбардоның өзі әңгімелеп берсін:

«Алты күннен соң жасанды түрмемізді жабуымызға тура келді. Өйткені жан шошытар жайттарға тап болдық. Біз үшін де, сынақтан өтушілер үшін де өздерінің шынайылығы қай жерден бітіп, бекітілген рөлдері қай жерден басталғаны белгілі болудан қалды. Олардың көбісі, шынымен де, «тұтқындар» мен «күзетшілерге» айналып, ойнап жүрген рөлдері мен нақты өздерінің арасындағы айырмашылықты айыра алмайтын халге жетті. Олардың жүріс-тұрысы, ойлау жүйесі мен сезім дүниесі сұмдық өзгерді. Бар-жоғы бір аптаға жетер-жетпес қамауда отырған кезде, осы уақытқа дейін бойларына дарытқан қасиеттерден жұрдай болды. Адами құндылықтар тәрк етілді, өзіндік ұстамындары айдалада қалды. Сөйтіп, адам табиғатының ең жиіркенішті, ең төмен патологиялық жағы бой көрсетті. Біз қорқып кеттік.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе
Тарау: 1. Әлеуметтік психология дегеніміз не? Конформдылық
Дәріс: 1. Әлеуметтік психология дегеніміз не?

Өйткені жігіттердің кейбірі – күзетшілер – басқаларға хайуан деп қарап, қатыгездіктен ләззат алды. Ал басқа жігіттер – тұтқындар – бағынышты құлға, адамдық қасиеттен жұрдай роботқа айналды.

Олар күзетшілерді жек көріп кетті. Енді тек өз бастарын аман алып қалуды, лажы болса, қашып шығуды ғана ойлады».